



**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 314

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

### ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасында автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісім (бұдан әрі - Келісім) 1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Келісімге Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Н.Балғымбаев қол қойды, ал Өзбекстан Республикасы Үкіметінің атынан Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі У.Т.Сұлтанов Келісімге қол қ о й д ы .

Тәулік сайын 120 қазақстандық автокөлік құралдары Өзбекстан аумағын (37 шақырым) басып өтеді, олар Пахтаарал ауданында ішкі тасымалдарды (Қазақстан-Өзбекстан-Қазақстан) жүзеге асырады. Осыны болдырмау үшін 1999-2000

жж. Қызыләскер-Киров автожолдарының құрылысын салу жоспарлануда. Сонымен қатар, 1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушыларды, жүктер мен бағажды транзиттік тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының автомобиль және темір жол магистралдары бойынша жол жүруі кезінде сақталуы мен қауіпсіздігі туралы Келісімнің 1-бабындағы Қазақстан-Өзбекстан-Қазақстан маршруты бойынша жүзеге асырылатын транзит тасымалдары транзиттік болып танылмайды.

Тараптар мемлекетінің аумағы бойынша он жыл мерзімге тегін берілген  
у ч а с к е л е р д е :

- Қазақстан Республикасына тапсырылатын ұзындығы 24,5 шақырым  
Жетісай-Шардара автомобиль жолдары;

- Өзбекстан Республикасына тапсырылатын ұзындығы 24,3 шақырым  
С ы р д а р и я - Ж и з а қ ,

транзитпен өтетін Тараптар автокөлік құралдарының жол жүруі үшін қолайлы жағдай жасау және Тараптар мемлекетінің транзит жүктерін өңдеу кезінде, сондай-ақ жолаушылар мен бағажды тасымалдауға қатысты қолайлы жағдай жасау тәртібін ұсыну жөнінде автомобиль қатынастарын дамытуға өзара жәрдем жасау осы Келісімнің  
м а қ с а т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

1, 2 баптарда Қазақстан Республикасының заңдарынан өзгеше қағидалар қарастырылатын болғандықтан "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту, орындау және жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 11-бабының 1 тармағына сай қол қойылған Келісім бекітуге  
ж а т а д ы .

Осы айтылғандарға сай, Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің қарауына "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілсін.

Осы Келісімді бекіту қосымша бюджеттік қаржы бөлуге апармайды.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының

## ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы

1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін пайдалану жөніндегі келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы  
автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін  
пайдалану туралы

## КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы 1994 жылғы 30 сәуірдегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартты, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы 1997 жылғы 10 қаңтардағы Мәңгілік достық шартты басшылыққа ала отырып;

елдер арасындағы экономикалық өзара іс-қимылдың қол жеткізілген деңгейіне с ү й е н е о т ы р ы п ;

көлік коммуникацияларын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуді және автомобиль жолдарын бірлесіп және келісіп пайдаланудың маңыздылығы мен қажеттілігін м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

көлік жүйелерінің технологиялық бірлігін сақтау мен көлік шығындарын азайтудың қажеттілігін негізге ала отырып;

жолаушылар мен жүктердің еркін жылжуы үшін жағдай жасау мақсатында,

1-бап

Өзбекстан Республикасының аумағы бойынша өтетін ұзындығы 24,5 шақырым Жетісай - Шардара автомобиль жолының учаскесі жолдың жүру бөлігінің екі жақ шетіндегі 30 метрлік санитарлық - қорғау аймағымен бірге он жыл мерзімге уақытша пайдалануға Қазақстан Республикасына ақысыз негізбен (ақы төлеусіз) беріледі.

Автомобиль жолының аталған бұл учаскесі Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасынан Шардара су қоймасының батыс жағалауымен, Мақталы селосынан батысырақ ауданда Арнасай селосы ағызу бөгетінен солтүстік - батысқа Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасына дейін өтеді.

2-бап

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтетін ұзындығы 24,3 шақырым Сырдария - Жизақ автомобиль жолының учаскесі жолдың жүру бөлігінің екі жақ шетіндегі 30 метрлік санитарлық-қорғау аймағымен бірге он жыл мерзімге уақытша пайдалануға Өзбекстан Республикасына ақысыз негізбен (ақы төлеусіз) беріледі.

М - 39 Алматы-Бішкек-Ташкент-Термез магистральді автомобиль жолының аталған учаскесі Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасынан Мақтажан селосынан солтүстік - шығысырақ ауданда Целинное селосы арқылы оңтүстік-батыс жалпы бағытында Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасына дейін өтеді.

3-бап

Тараптар осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген автомобиль жолдарының санитарлық-қорғау аймақтарында кез-келген мақсаттағы объектілердің

құрылысын жүргізбеуге міндеттенеді.

Тараптар бір-біріне осы Келісімнің 1 және 2-баптарында айтылған автомобиль учаскелерінде жолаушылар мен жүктерді еркін тасымалдауға ықпал ететін жағдайлар ж а с а й д ы .

Тараптар осы Келісімнің 1 және 2-баптарында айтылған автомобиль жолдарының учаскелерінде көлік құралдары келетін - кететін кедендік бекеттер мен пункттерді о р н а л а с т ы р у д ы р е т т е й д і .

#### 4-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша хаттамамен ресімделетін және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі м ү м к і н .

#### 5-бап

Осы Келісім Тараптар оның күшін енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдеудің орындалғаны туралы бір-біріне хабарлаған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім он жылға дейін қолданылады, сонан кейін тараптардың біреуі қолданудың тиісті кезеңі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей оның қолданылуын тоқтату туралы ниетін білдіргенге дейін одан кейінгі кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

1998 жылғы 27 наурызда Ташкент қаласында қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндерінің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы  
автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерін  
пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы Қазақстан Республикасының  
(органның толық атауы) Үкіметі
2. Заң жобасын әзірлеу жөніндегі құрылған жоқ  
жұмыс тобының құрамы
3. Заң жобасы жөніндегі бас Халықаралық істер, қорғаныс  
комитет және қауіпсіздік жөніндегі  
комитет
4. Заң жобасының Қазақстан 16.04.1998 ж.  
Республикасының Парламентінде  
тіркелген күні
5. Заң жобасы бойынша  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті тұрақты  
комитеттерінің қорытындысы
6. Заң жобасы бойынша ескертпелер болған жоқ  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің, министрліктердің,  
ведомстволардың, басқа да  
мемлекеттік органдар мен  
қоғамдық бірлестіктердің  
қорытындысы
7. Заң жобасының ғылыми жүргізілген жоқ  
сараптамасы
8. Заң жобасы жөнінде Қазақстан Республикасының

баяндама жасау кімге  
тапсырылды

Көлік және коммуникациялар  
министрі Е.Ж.Қалиевке

9. Балама жобалардың болуы жоқ

10. Заң жобасының Қазақстан  
Республикасының Парламентіне  
тапсырылған күні

11. Парламенттің заң жобасын  
бірінші оқылымда қараған  
күні және оның нәтижелері

12. Жобаны пысықтау және оны  
екінші оқылымға әзірлеу  
тапсырылған бас комитет  
(комиссия), басқа орган

13. Заң жобасын халықтық ұсынылған жоқ  
талқылауға ұсыну және  
оның мерзімі

14. Комитеттің заң жобасы  
жөніндегі қорытындысы  
(екінші оқылымның  
алдында)

15. Заң жобасын Парламенттің  
екінші оқылымда қарауы  
және оның нәтижесі

16. Заңның күшіне ену уақыты

17. Басқа да белгілер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК